

"Бухгалтерлердің кәсіби ұйымдарын және бухгалтерлерді кәсіби сертификаттау жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2007 жылғы 22 мамырдағы № 183 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 23 шілдедегі № 370 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 23 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6409 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 23 желтоқсандағы № 653 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2011.12.23 № 653 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

«Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы Заңының 20-бабы 5-тармағының 11) тармақшасына сәйкес және «Бухгалтерлік есеп пен аудит саласында мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 26 мамырдағы № 476 қаулысының 2-тармағын орындау

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. «Бухгалтерлердің кәсіби ұйымдарын және бухгалтерлерді кәсіби сертификаттау жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2007 жылғы 22 мамырдағы № 183 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4742 тіркелген, «Заң газетасы» атты газетада 2007 жылғы 27 шілдедегі № 114 (1143) жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін: көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бухгалтерлердің кәсіби ұйымдарын және бухгалтерлерді кәсіби сертификаттау жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу е р е ж е с і н д е :

3 - т а р м а қ т а :

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) мына құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелері: жарғы және мемлекеттік тіркелгені туралы, салық төлеушінің тіркеу нөмірі мен статистикалық карточкасы берілгені туралы куәліктер (осы құжаттардың салыстыру үшін түпнұсқалары ұсынылмаған жағдайда нотариалды расталған к ө ш і р м е л е р і) ; » ;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«Салыстырғаннан кейін түпнұсқалар құжатты қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш иесіне қайтарылады.»;

4 - т а р м а қ т а :

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) мына құрылтайшы құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелері: қызметінің негізгі түрлерінің бірі бухгалтерлерді кәсіби сертификаттау жөніндегі ұйым ретіндегі қызмет етіп көзделген жарғы, мемлекеттік тіркелгені туралы куәлік, салық төлеушінің тіркеу нөмірі берілгені туралы куәлік, статистикалық карточка (осы құжаттардың салыстыру үшін түпнұсқасы ұсынылмаған жағдайда нотариалдық расталған көшірмелері);»;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«Салыстырғаннан кейін түпнұсқалар құжатты қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш иесіне қайтарылады.».

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есеп, аудиторлық қызмет әдіснамасы департаменті (А.О. Төлеуов) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның кейіннен заңнамада белгіленген тәртіппен ресми жариялануын қамтамасыз е т с і н .

3. Осы бұйрық ол алғаш жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Жәмішев